

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімнің күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 434 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімнің күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздік қамтамасыз ету туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімнің күшін жою туралы

1-бап. 1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы

мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімнің күші жойылсын.

2-бап. Осы Заң Өзбекстан Республикасының Үкіметін осы Заңның 1-бабында көрсетілген Келісімдердің қолданылуын Қазақстан Республикасының тоқтату ниеті туралы белгіленген тәртіппен хабарландырған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі бұдан былай "Тараптар" деп аталады,

Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы 1992 жылғы 24 маусымда қол қойылған достық, ынтымақтастық және өзара көмек көрсету туралы Шарттың, 1994 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы Шарттың қағидаларын, сондай-ақ Тәуелсіз мемлекеттердің Достастығының негізгі құжаттарын басшылыққа ала отырып,

тең құқылы және өзара тиімді екіжақты қолайлы сауда-экономикалық қатынастарды қамтамасыз етудің маңыздылығын мойындай отырып, автомобиль және темір жол магистральдарының технологиялық біртұтастығын қамтамасыз етуді мақсат қ о й ы п ,

халықаралық автомобиль және темір жолкөлігін дамыту саласында, сондай-ақ Тараптардың кедендік істерінде біртұтас және келісілген саясатын жүргізуге мән бере о т ы р ы п ,

экономикалық егемендікті қорғауды көздей отырып, транзит еркіндігінің принциптеріне өз ұмтылушылығын білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

ТМД елдерін қоспағанда, екі Тарап мемлекеттерінің аумағы арқылы жүктердің транзит тасымалдары тасымалдаушыларда Карнет-TIR немесе CMR болған жағдайда Тараптардың құзырлы органдарымен берілетін рұқсаттар негізінде Тараптардың автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

ТМД елдеріне Тараптардың автокөлік құралдарымен жасалатын транзит тасымалдары рұқсатсыз негізде және транзит үшін төлем алынбай жүзеге асырылады.

Қазақстан - Өзбекстан - Қазақстан немесе Өзбекстан - Қазақстан - Өзбекстан маршруттары бойынша жүзеге асырылатын тасымалдар транзит тасымалдары болып т а б ы л м а й д ы .

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағы бойынша, соның ішінде үшінші елдерге транзитпен, екінші Тараптың автокөлік құралдарының жол жүруі үшін қолайлы жағдай туғызуды қамтамасыз етеді.

2-бап

Бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша транзитпен үшінші елге шығарылатын жүктер осы жүктерді жөнелтетін мемлекеттің кедендік ресімдеуіне жатады.

3-бап

Әрбір Тарап мөртаңбаларды, кедендік қамтуларды, кедендік құжаттарды мойындайды және жүктермен бірге жүретін өзге құжаттарын (банкiлiк, қаржылық және т.б.) және олардың үлгілерін бір-біріне ауыстырып отырады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағы бойынша транзитпен тасымалданатын жүктер кедендік баждардан және кедендік рәсімдік алымдарын қоспағанда, басқаларынан б о с а т ы л а д ы .

Кедендік төлемдер мен салықтар төлемінің сомаларын енгізу туралы талаптар қолданылатын тауарларға қатысты тізімдер Тарап мемлекеттерінің кедендік мекемелерімен келісіледі.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің үшінші мемлекеттерге шығарылатын жүктері жөнелту мемлекетінің кедендік органдарымен ресімделмеген жүктері бір Тарап мемлекетінің аумағы транзитпен үшінші мемлекеттерге жіберілмейді.

6-бап

Тараптар өздерінің аумағы арқылы әкелуге, әкетуге және транзитке халықаралық нормалармен және Тараптар мемлекетінің ұлттық заңдарына сай тыйым салынған жүктердің тізімін бір-біріне ұсынады.

Мемлекетінің аумағы бойынша маршруты өтетін қауіпті жүктерді тасымалдау, егер дербес Келісіммен өзге жағдай көзделмегенде тиесілі құзырлы органмен берілген арнайы рұқсаттар негізінде халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылады.

7-бап

Тараптар өзара мүдделі негізде, мемлекеттерінің транзиттік жүктерін өңдеу кезінде, сондай-ақ жолаушылар мен багаж тасымалдарына қатысты ең жоғарғы қолайлылық тәртіпті ұсыну арқылы темір жол және автомобиль қатынастарын дамытуда бір-біріне жәрдем көрсету бойынша қажетті барлық шараларды қабылдайды.

8-бап

Тараптар темір жол көлігімен жүктердің транзиттік тасымалдары кезінде жеңілдетілген тарифтерді немесе ставкаларды белгілеу мүмкіндігін қарауды тиесілі құзырлы органдарға тапсырады.

9-бап

Тараптардың заңдарымен қабылданған мерзімдер Тараптар мемлекеттерінің аумағына автокөлік құралдарының келу мерзімі болып белгіленсін. Рұқсат беру бланкісі Тарап мемлекетінің аумағында автокөлік құралының нақты болған мерзіміне пәрменді және тіке және кері бағытта ықпал етеді.

10-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағы бойынша халықаралық тасымалдарды Тараптар ұлттық заңдар мен пәрменді ережелерге сай жүзеге асыруға келісті.

11-бап

Тараптар жолаушылардың, қызмет етуші персоналдардың қауіпсіздігін және Тараптар мемлекеттерінің автомобиль және темір жол магистральдары бойынша жүрген кезінде автокөлік құралдарының, темір жол вагондарының, контейнерлердің, сондай-ақ жүктер мен теңдеме жүктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

Тараптар екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша, соның ішінде үшінші мемлекетке транзитпен жүруші көлік құралдары үшін жүру қауіпсіздігі мен қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

12-бап

Кедендік шекаралар арқылы Тараптар мемлекеттерінде жүктерді, теңдеме жүкті, қол жүгін, валюталарды, құнды заттарды, сондай-ақ азаматтардың жеке мүліктерін өткізу әкелу-әкету және транзитке тыйым салынған заттар тасымалдануда деуге жеткілікті негіз болған жағдайларды қоспағанда, кедендік қараусыз жүзеге асырылады.

13-бап

Тараптар құзырлы органдар өкілдерінің ішінен автомобиль және темір жол тасымалдары бойынша осы Келісімнің қағидаларын іске асыратын, сондай-ақ сол бойынша міндеттемелердің орындалуын қадағалайтын және үйлестіретін Бірлескен ведомствоаралық комиссия құруға уағдаласты.

Келісімнің мәселелерін қарау үшін Бірлескен ведомствоаралық комиссиялар Ақмолада және Ташкентте кезекпен жиналатын болады.

Осы Келісімді қолдану немесе түсіндіру бойынша кез келген даулар, кеңесулер және келіссөздер жүргізу жолымен Бірлескен ведомствоаралық комиссия шеңберінде шешілетін болады.

Бірлескен ведомствоаралық комиссия шеңберінде дауларды шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда даулы мәселелер екіжақты ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен үкіметаралық комиссиямен қаралады.

14-бап

Осы Келісіммен реттелмеген мәселелерге қатысты Тараптар мемлекеттердегі ұлттық заңдар, халықаралық нормалар, сондай-ақ халықаралық автомобиль және темір жол транзиттік тасымалдарының мәселелерін реттейтін Тараптар арасындағы ертеректе бекітілген келісімдер іс-қимыл жасайтын болады.

15-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделген өзгертулер мен толықтырулар осы Келісімге енгізіледі.

Тараптар осы Келісіммен белгіленген жолаушылар, жүктер мен багаждың транзиттік тасымалдарының тәртібін нашарлатпауға міндеттенеді.

16-бап

Осы Келісімнің тиісті қағидаларын орындауға жауапты құзырлы органдар мыналар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

Қазақстан Республикасының атынан - Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті, "Қазақстан темір жолы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті;

Өзбекстан Республикасының атынан - "Өзбекстан темір жолдары" Мемлекеттік акционерлік темір жол компаниясы, "Өзавтотранс" корпорациясы, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Мемлекеттік кеден Комитеті мен Ішкі істер м и н и с т р л і г і .

Осы тізімдегі өзгерістер жөнінде Тараптар дер кезінде бір-біріне хабарлайтын болады.

17-бап

Осы Келісім Тараптардың өзге де халықаралық шарттары мен келісімдерінің міндеттемелерін қозғамайды.

18-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішінің үрдістерін Тараптардың орындағаны туралы соңғы мәлімдеме түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісіммен қарастырылған міндеттерді Тараптар бұзған жағдайда ол белгіленген тәртіппен күшін жояды.

Осы Келісім бес жыл бойы күшінде болады, сонан соң, егер осы Келісімнің пәрменді кезең өткенге дейінгі алты айдан кешіктірмей Тараптардың біреуі жазбаша түрде екінші Тарапқа Келісім күшін тоқтататыны туралы өз ниетін мәлімдемеген жағдайда, өзінен-өзі келесі мерзімге ұзартылатын болады.

Осы Келісім 1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында, екі данада, әрқайсысы өзбек, қазақ және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды.

Осы Келісімді түсіндіру мақсаты үшін орыс тілдегі мәтін пайдаланылады.

Өзбекстан Республикасының *Қазақстан Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының және Өзбекстан
Республикасының арасындағы 1994 жылғы 30 сәуірдегі Бірыңғай экономикалық
кеңістік құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,
елдер арасындағы қол жеткен экономикалық өзара іс-қимыл деңгейіне сүйене
о т ы р ы п ,

көліктік коммуникацияларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге тілек білдіре
отырып және автомобиль жолдарын бірлесіп және келісіп пайдаланудың маңыздылығы
мен қажеттігін жете түсіне отырып,

көлік жүйелерінің технологиялық бірлігін сақтау және көліктік шығындарды азайту
қажеттігінен шыға отырып,

жолаушылар мен жүктердің еркін қозғалысы үшін жағдай жасау мақсатында,
төмендегі туралы келісті:

1-бап

Өзбекстан Республикасының аумағы бойынша өтетін жүру бөлігінің шетінен екі
жаққа 30 метрден санитарлық-қорғау аймағы бар, ұзақтығы 24,5 километр
Жетісай-Шардара автомобиль жолының учаскесі он жыл мерзімге Қазақстан
Республикасына өтеусіз негізде (төлемсіз) уақытша пайдалануға беріледі.

Жолдың осы учаскесі Шардара су қоймасының батыс жағалауы бойынша Махталы
ауылынан батысқа қарай аудандағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан
Республикасының Мемлекеттік шекарасына, солтүстік-шығысқа қарай жалпы бағытта
Арнасай ауылы, Арнасай ағынды суы бөгеті арқылы солтүстік-батысқа Қазақстан
Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына дейін өтеді.

2-бап

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтетін, жол жүру бөлігінің шетінен
екі жаққа 30 метрден санитарлық-қорғау аймағы бар, ұзақтығы 24,3 километр
Сырдарья-Жизак мобиль жолының учаскесі он жыл мерзімге Өзбекстан
Республикасына өтеусіз негізде (төлемсіз) уақытша пайдалануға беріледі.

Алматы-Бішкек-Ташкент-Термез М-39 магистральдық автомобиль жолының осы
учаскесі Махтажан ауылынан солтүстік-шығысқа қарай аудандағы Қазақстан
Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан,
оңтүстік-батысқа қарай жалпы бағытта Целинное ауылы ауданындағы Қазақстан
Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекараға дейін
өтеді.

3-бап

Тараптар, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген санитарлық-қорғау аймақтарында кез келген мақсаттағы объектілер құрылысын жүргізбеуге міндеттенеді.

Тараптар, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында атап өтілген автомобиль жолдарының учаскелерінде жолаушылар мен жүктердің еркін тасымалына жағдай жасайтын шарттарды бір-біріне ұсынады.

Тараптар, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында атап өтілген автомобиль жолдарының учаскелерінде кеден постары мен көлік құралдарының кіру-шығу пункттерінің орналасуын реттейді.

4-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімі бойынша, Осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап

Осы Келісім, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы Тараптар бір-бірін хабардар еткен күннен бастап күшіне енеді.

Осымен бір уақытта осы Келісім Ташкент қаласында 1998 жылғы 27 наурызда қол қойылған Өзбекстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багаждарды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Келісімнің шарттарының сөзсіз сақталуы кезінде қолданылады.

Бұл орайда Тараптар, жоғарыда аталған Келісім бойынша өзара міндеттемелердің орындалуының міндетті шарты - екінші Тараптың автокөлік құралдарын өз мемлекеттерінің аумақтары бойынша жол жүруі үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету болып табылатынын растайды.

Осы Келісім он жыл бойы күшінде болады, одан соң, Тараптардың бірі тиісті кезең өткенге дейінгі алты айдан кешіктірмей оның қолданылуын тоқтату туралы тілегін мәлімдемеген жағдайда, өзінен-өзі келесі кезеңдерге ұзартылатын болады.

Ташкент қаласында 1998 жылғы 27 наурызда, екі данада өзбек, қазақ және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының *Өзбекстан Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК